

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

6 – СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	МаксUTOва Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского поместного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinary terms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” (三体) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ
БЕЗОПАСНОСТЬ**

OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорынның тұрақты дамуының	4103

6.7 Қытай филологиясы мен лексикологиясы: жаңа бағыттар мен әдіснамалар
Китайская филология и лексикология: новые направления и методологии
Chinese Philology and Lexicology: new directions and methodologies

ӘОЖ 81'33

ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ ЖӘНЕ АУДАРМАДАҒЫ РӨЛІ

Абдуллина Алина Русланқызы

alinaabdullina252@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD, доцент м.а., А.У. Исаев

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы адамзат тарихының тереңінен бастау алады. Ежелгі адамдардың өмірінде тіл мен жазудың бір-бірімен тығыз байланыста болғаны байқалады. Осыған сүйене отырып, тілді мәдениеттің жемісі әрі оның ажырамас бөлігі деп қарастыруға болады. Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді, ал мәдениет тіл арқылы өрнектеледі. XX ғасырдың лингвистері мен тіл білімінің негізін қалаушылар тіл, ойлау және мәдениет арасындағы тығыз байланысты терең зерттеді.

Аударма - бұл тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынас процесі, онда бастапқы мәтіннің мақсатты аударма талдауы негізінде жаңа тілдік және мәдени ортадағы түпнұсқаны алмастыратын екінші, аударма мәтіні жасалады" [1, 19].

Аударма әрдайым тіл мен мәдениеттің бірлігін қамтиды. Олар өзара тығыз байланыста, өйткені тіл тек мәдениетті бейнелеп қана қоймай, оны қалыптастырады. Сондықтан аударманың анықтығын арттыру үшін тілдік мағынаны мәдени контекспен сәйкестендіру қажет.

Аудармашы тіпті күнделікті өмірдегі қарапайым жағдайларда да «мәдени ерекшеліктері бар» контекстерге тап болады [2, 99].

Әр тілдің өзіндік грамматикалық құрылымы, сөздік қоры мен мағыналық жүйесі болғандықтан, әрқайсысы әлемді өзінше бейнелейді. Бұл әсіресе ұлттық тілдің лексикасында айқын көрінеді, өйткені әр халықтың сөз қолданысы оның мәдениетінен хабар береді.

Сондықтан ғалымдар тілдегі мәдени ерекшеліктерді зерттей келе, «мәдени компонент» деген ұғымды енгізді [3, 27]. Бұл терминді алғаш рет америкалық ғалым Ч. Фриз «әлеуметтік-мәдени мағына компоненті» ретінде анықтаған [3, 22]. Ал Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров ұлттық-мәдени семантиканың кейбір мағыналық реңктер арқылы көрінетінін атап өтті. Олар «...тікелей атау беру үдерісіне қатыспаса да, адамның әлем туралы білімін сақтауға көмектесетін мағыналық бөлшектер» деп сипатталады [3, 27].

И.Ю. Марковина мен Ю.А. Сорокин ұлттық ерекшеліктері бар мәдениет элементтеріне мыналарды жатқызады: дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен рәсімдер, күнделікті тұрмыс мәдениеті, адамдардың күнделікті жүріс-тұрысы, ұлттық дүниетаным, белгілі бір халықтың мәдени дәстүрлерін көрсететін өнер. «Ұлттық тіл мен мәдениеттің тасымалдаушысы да ерекше қасиеттерге ие. Әртүрлі мәдениет өкілдері өзара сөйлескенде, олардың мінез-құлқының, эмоцияларын білдіру тәсілінің және ойлау ерекшеліктерінің ұлттық сипатын ескеру қажет» [4, 77].

Сонымен қатар, бірдей ұғымдарды жеткізудегі айырмашылықтардан бөлек, сөздердің тіркесу ерекшеліктері де әр тілде өзгеше болады. Бұл тіркесу заңдылықтары әртүрлі деңгейде

көрініс тауып, оларды зерттеудің бірнеше тәсілі бар (мысалы, дистрибутивтік, трансформациялық және т.б.). Мұндай ерекшеліктер көбінесе метафоралар мен бейнелерге байланысты қалыптасады.

Әр түрлі қоғам өкілдерінің әлемді қабылдау ерекшеліктері ортақ ұғымдарды жеткізу тәсілдеріндегі өзгешеліктерді көрсетеді. Алайда, кез келген тілде тек сол халыққа тән және басқа тілде толық баламасы жоқ сөздер болады. Мұндай ұғымдар басқа тілдердегі сөздермен тура салыстыруға келмейді және олар «баламасыз лексика» деп аталады.

Егер бір тілдегі белгілі бір сөзге басқа тілде толық сәйкес келетін балама болмаса, оны эквивалентсіз лексика деп атайды. Бұл ұғымды алғаш Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров қолданған. Олар эквивалентсіз лексикаға басқа тілдер мен мәдениеттерде кездеспейтін ұғымдарды білдіретін, белгілі бір мәдениетке ғана тән және басқа тілге тікелей аударылмайтын сөздерді жатқызған [3, 53].

Сонымен қатар эквивалентсіз сөздердің басты ерекшелігі – олардың басқа тілге тұрақты сәйкестікпен аударылмауы және басқа тілдегі белгілі бір сөзбен дәл балама табудың қиындығы. Дегенмен, бұл оларды мүлде аудару мүмкін емес дегенді білдірмейді [3, 53].

Л.С. Бархударов түсіндіреді: «"Эквиваленті жоқ лексика" дегеніміз – басқа тілде тура баламасы жоқ сөздер мен сөз тіркестері. Бірақ бұл олардың мүлде аударуға келмейтінін білдірмейді. Кез келген тіл кез келген ұғымды жеткізе алады, тек кейде ол үшін қосымша тәсілдер керек болады. Егер бір сөздің аударма тілінде дайын баламасы болмаса, оны сипаттап, түсіндіріп немесе басқа сөздермен жеткізуге болады. Иә, мұндай лексиканы аудару қиындық тудыруы мүмкін, бірақ бұл қиындықты шешуге болады.» [5, 96].

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы реалияда айқын көрінеді: қоғамның материалдық және рухани өмірінде жаңа құбылыстар пайда болған сайын, оларды сипаттайтын жаңа сөздер де тілге енеді. Реалиялардың басты ерекшелігі – олардың нақты заттық мағынасы. Кейбір реалиялар белгілі бір ұжым немесе мекеме шеңберінде ғана қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, олар белгілі бір тарихи кезеңнің ерекшеліктерін бейнелейді [6, 13]. Мәдениетпен тығыз байланысты тілдік құбылыс ретінде бұл лексикалық бірліктер қоғамдағы өзгерістерге жедел әсер етеді. Олардың ішінде неологизмдер, тарихи сөздер мен архаизмдерді атап өтуге болады. Әрбір реалияны аудару кезінде жеке тәсіл қолдану қажет.

Тілді және мәдениетті меңгеру – ұлттың ойлау жүйесін және оның даму деңгейін түсінудің маңызды құралы. Бүгінгі ақпараттық алмасу мәдениеттің терең қабаттарына әсер етіп, жаһандық қоғам қалыптастыру үдерісінде өзара байланыс орнатуда. Бұл үдерісте аударма негізгі құралдардың бірі ретінде қызмет етеді.

Аударма тек тілдер арасындағы емес, сонымен қатар мәдениеттер арасындағы қарым-қатынасты да қамтамасыз етеді. Ол әртүрлі этностарға жататын жеке адамдар мен қауымдастықтардың өзара әрекеттесуінің әртүрлі формаларын біріктіреді. Мәдениетаралық қарым-қатынас мәдениетаралық дискурс, мәдени ықпалдасу, ұлттық мәдениетті тану, мәдениетаралық әрекеттестік және білім беру арқылы жүзеге асады. Бұл үдерісте вербалды емес қарым-қатынас құралдарының маңызы зор.

Аудармада мәдениет бір халықтың өмірінің объективті тәсілі ретінде үнемі қақтығысады, оны автор субъективті түрде қабылдайды және сипаттайды, аудармашының осы мәдениет туралы және автордың түсіндіру ерекшеліктері туралы субъективті пікірі бар. Дискурсты түсіндіру кезінде оның жанрлық-стистикалық, коммуникативті-прагматикалық ерекшеліктері, бастапқы дереккөздің басқа мәдениетке проекциясы, түпнұсқа мәтін авторының жеке сипаттамалары, мәдениет контекстіндегі дүниетанымдық сенімі және аудармашының кәсіби қасиеттері шешуші факторлар болып табылады. Сонымен қатар, аударма дискурсындағы мағыналарды беру теориясы контексттердің (жағдайдың, мәдениеттің), интертекстуалдылықтың және ана тілінің артықшылықтарының рөлін ескеруді қамтиды [7, 72].

Оқытылатын тілдің ана тілі мен мәдениеті туралы білім болашақ аудармашылардың элеуметтік–лингвистикалық және мәдениаралық құзыреттілігінің ажырамас ерекшелігі болып табылады. Тіл мен мәдениеттің ерекшеліктері күнделікті өмірге, оның жағдайына, отбасындағы және қоғамдағы тұлғааралық қатынастарға, құндылықтарға, көзқарастарға, идеалдарға, мінез-құлыққа, дене тіліне қатысты болуы мүмкін. Тілдік қарым-қатынастың мәдени белгіленген салаларына сыпайылық ережелері, сөйлеу этикеті, интонация, кідірістер, қарым-қатынас тақырыбын таңдау, эксплицитизм және имплицитизм жатады.

Мәдениетаралық коммуникация теориясындағы түсіну / түсінбеушілік үш параметрге негізделген:

- 1) түсіну объектісі;
- 2) түсіну сипаты;
- 3) түсінуді оқшаулау.

Алғашқы екі параметр бойынша келесі оппозициялар бөлінеді: жағдайды түсіну ↔ қызметті түсіну, когнитивті түсіну ↔ прагматикалық түсіну, предикативті түсіну ↔ имплицитивті түсіну және т. б. үшінші параметр негізінде тұлғааралық, мотивациялық, қасақана, ситуациялық, кодтық, белсенділік және тақырыптық түсінік бөлінеді [8, 41].

Мәдениетаралық қарым-қатынастағы түсінудің барлық дерлік түрлері бөтен мәдениетке қол тигізу арқылы бұзылуы мүмкін, кейде "мәдени шок" деп аталатын жағдай туғызады. Мәдениетаралық түсініспеушіліктер консенсус-интерактивті және психоэмоционалды тәсілдер тұрғысынан жіктеледі. Мәдениетаралық түсінбеушіліктің ықтимал консенсуалды салдары - тіларалық қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігінен бас тарту, келіспеушіліктер, үйкелістер, даулар, қарым-қатынастың үзілуі, ауызша қақтығыс, зорлық-зомбылық қақтығысы және тіпті қарулы қақтығыс. Түсінбеушіліктің субъективті психоэмоционалды салдарына ұялу, ыңғайсыздық, ұят, көңілісіздік және т.б. сезімдер, мысалы, коммуниканттардың бірі серіктесінің мәдениетінде тыйым салынған тақырыпқа келгенде пайда болуы мүмкін [8, 41].

Мәдениетаралық коммуникацияны әртүрлі мәдениеттер мен тілдердің өкілдері болып табылатын қатысушылар арасындағы ауызша және вербалды емес қарым-қатынас процесі ретінде оқыту екі мәдениеттің диалогы ретінде қарастырылады. Мәдениеттер диалогы туралы тілді, оның осы процестегі рөлі мен орнын, ұлттық ойлау моделіне қатынасын талдаусыз айту мүмкін емес [9, 118].

Тіл - белгілі бір этностың тәжірибесін санаттау құралы, оның қоршаған әлемді тұжырымдамалауының экспликаторы, мәдениет құбылысы және элеуметтік және мәдени өзара әрекеттесу құралы. Мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде әлемнің ұлттық-тілдік суреттері айқын көрінеді, онда бір жағынан әмбебап, жалпыадамзаттық, екінші жағынан ұлттық-спецификалық бір-бірімен тығыз байланысты.

Аудармада лингвомәдени аспектілер қиылысатындықтан, оның басты мәселелерінің бірі - тілдік және мәдени аударма мәселесі. Тілдің аударылмауы - бір тілдің екінші тілдегі элементіне сәйкестігін таба алмау. Екінші түрі күрделірек, оның себебі әртүрлі тілдерде жалпы ұғымдардың немесе ұқсас жағдайлардың болмауы. Этнолингвистикалық және элеуметтік лингвистикалық факторлардың жиынтығы аудармада негіз болып табылады. Бұл саладағы айырмашылықтар бастапқы тіл бірліктерінің эквиваленттілігіне әкеледі. Аудармашы түсініктемелерге жиі жүгінеді. Аударма тілінде ақпарат берудің барабар тәсілдерін таңдаудағы сәттіліктің кепілі тіларалық интеракция тілдерінің ана тілдерінен тұратын аударма жұбының ынтымақтастығы бола алады [10, 148].

Тілдік мәдениеттердің тармақталуы терминдердің көбінесе жабық номенклатураны құруына әкеледі. Оларды аудару проблемасы аударма тілі мәдениетінде тиісті денотаттардың болмауымен немесе бастапқы мәдениеттегі осы денотаттардың жаңалығымен қиындайды. Бұл

ұқсастықтарды іздеуді, олардың мазмұнын түсіндіру арқылы осындай терминдердің калькалау немесе сипаттамалық аудармасына жүгінуді қажет етеді.

Тиісті аудармаға қол жеткізуде аудармашының алдына тек нормативті-лингвистикалық ғана емес, сонымен қатар тілдік өрнектің узуальды құралдарын да терең білуді қажет ететін көптеген лингвистикалық мәселелер қойылады. Тілдік, стилистикалық, грамматикалық ерекшеліктерді беру көркем мәтіннің жан-жақтылығы туралы айтады, ол автордың тілдік құралдары мен шығарманың композициялық құрылымын мұқият талдауды, шығарманың мағынасын ғана емес, сонымен қатар түпнұсқаның стилистикалық ерекшелігін жеткізу үшін аударма әдістерін дәл таңдауды қажет етеді. Аударылған мәтінде түпнұсқаның прагматикалық әлеуетін, оның коммуникативті әсерін ғана емес, сонымен қатар аударма кезінде түпнұсқа мәтіннің көркемдік бейнесін сақтау маңызды.

Катанның пікірінше, мәдениет – бұл адамдардың сенімдері мен құндылықтарын қалыптастыратын, олардың іс-әрекеттеріне бағыт беретін ортақ көзқарастар жүйесі. Мәдени білім әртүрлі жолдармен, соның ішінде білім алу арқылы игерілуі мүмкін [11, 271].

Аударма зерттеушілері Эвен-Зохар, Сьюзан Басснетт және Триведидің пікірінше, мәдениет билікке деген ұмтылыспен де байланысты, өйткені адамдар белгілі бір идеологияны тарату үшін мәдени құралдарды пайдаланады [12, 287]. Осы тұрғыда аударма оқырмандар үшін идеологиялық жүйелерді бейімдеумен айналысады.

Яғни, мәдени ерекшеліктерді аудару этикалық мәселелермен тығыз байланысты және жаңа дүниетанымды түсінуге көмектеседі. Мұндай аударма мәтін арқылы белгілі бір ойлау жүйесін, мәдени контексті және жеке көзқарасты көрсетуі тиіс.

Мәдениетаралық көзқарас аудармаға жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді. Әр халықтың мәдениеті мен әлеуметтік өмірі оның тіліне әсер етеді, сол себепті аударма – тек сөздерді басқа тілге ауыстыру емес, сонымен қатар екі түрлі мәдениеттің тоғысуы. Аудармашы тілдер арасындағы дәнекер ғана емес, мәдениеттерді байланыстырушы тұлға. Сондықтан ол тек екі тілді ғана емес, осы тілдерге қатысты мәдени ерекшеліктерді де білуі керек. А. Д. Швейцер «аударма – бұл тек мәдениеттердің өзара әрекеті ғана емес... Аударма процесі тек тілдердің шекарасынан емес, сонымен қатар мәдениеттердің шекарасынан да өтеді» деп атап өткен [13].

Белгілі бір ұлттың тілі өзіндік мәдениет аясында дамиды, сондықтан оны сол мәдениеттен бөліп қарауға болмайды. Әр халықтың мәдениеті ерекше, ол тіл арқылы көрініс табады. Кейбір ұғымдар басқа тілге аударылса да, өзге мәдениет өкілдеріне түсініксіз болуы мүмкін. Мысалы, бір тілдегі белгілі бір ұғым басқа тілде баламасы болмаса, оны түсіндіру қиынға соғады.

Мәдениет белгілі бір ортада қалыптасып, жергілікті және жалпы элементтерден тұрады. Дәл осы жергілікті ерекшеліктер ұлттық өзгешеліктерді айқындап, кейде мәдениетаралық түсініспеушілікке алып келеді. Сол себепті аудармашының мәдениетке байланысты қосымша білімдері болғаны өте маңызды.

Мәдениетаралық аударма тек тілдерді білу ғана емес, сонымен бірге басқа халықтардың өмір салты мен дәстүрлерін түсіну екенін ұмытпау керек. Аудармашының міндеті – осындай мәдени алшақтықтарды жеңіп, оқырманға шынайы әрі түсінікті аударма ұсыну.

Қорытындылай келе, аударма әрдайым мәдениетаралық байланыспен тығыз байланысты. Аудару барысында тек тілдік ерекшеліктерді ғана емес, сонымен қатар мәдени контексті де ескеру маңызды. Аудармашы өз ана тілі мен мәдениетін ғана емес, аударма жасайтын тілдің мәдени ерекшеліктерін де жетік меңгеруі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бреус Е.В. Теория и практика перевода с английского языка на русский: Учебное пособие. Часть 1. – М.: Изд-во УРАО, 2001.

2. Цурикова Л.В. Когнитивные аспекты межкультурной деятельности переводчика // Социокультурные проблемы перевода: сб. науч. трудов, вып.4. – Воронеж: ВГУ, 2001.
3. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – 4-е изд. – М.: Русский язык, 1990.
4. Пахноцкая М.А. Лингвокультурологическая компетентность как ведущая в профессиональной компетентности филолога: монография/ М.А. Пахноцкая. – Тольятти: ТГУ, 2007.
5. Бархударов Л.С. Б 24 Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). -М.: Международные отношения, 1975.
6. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. -М.: Советская энциклопедия, 1966.
7. Мишкuroв Э. Н. Смысл перевода и перевод смыслов (социальноисторические, логико-философские и лингвокультурные этюды). // Вестник Московского университета. Сер. 22. Теория перевода. – 2009. – № 4.
8. Донец, П.Н. О степени и последствиях межкультурного непонимания. // Вісник ХНУ. – 2004. – № 635.
9. Науменко А.М. Мова і діалог культур / А. М. Науменко // Вісник ХНУ. –2004. – № 635.
10. Пахомова, Т. А. Межкультурная коммуникация и проблемы художественного перевода. // Вісник Сумського державного університету. Серія «Філологічні науки». – 2002. – № 4 (37).
11. Katan, David. Translating Cultures, An Introduction for Translators, Interpreters and Mediators, Manchester, St. Jerome Publishing, 1999.
12. Even-Zohar. Polysystem Theory. // Poetics Today. 1(1-2, Autumn) Itamar 1979.
13. Швейцер А. Д. Теория перевода: статус, проблемы, аспекты. -М., 1998.

ӘОЖ 81'25(510+811.512.122)

РЕСМИ ІС ҚАҒАЗДАРДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР МЕН КЛИШЕЛЕРДІҢ АУДАРУ ТӘСІЛДЕРІ (ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ ІСКЕРЛІК ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Абдуразакова Маржан Дилмуратовна

abdurazakovamarzhan@gmail.com

Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Шығыстану факультеті
6B02301 - «Аударма ісі: қытай тілі» мамандығының 4 курс студенті, Алматы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - к.ф.н., доцент, Ж. Турсынали

Ресми құжаттар аудармасы – бұл тек тілдік деңгейде ғана емес, сонымен қатар мәдени және заңдық нормаларды ескеретін күрделі процесс. Қытай және қазақ тілдеріндегі іскерлік құжаттарда тұрақты тіркестер мен клишелердің жиі қолданылуы аудармашыға нақтылық пен ресмилікті сақтауды талап етеді. Бұл мақалада Қытай және қазақ тілдеріндегі іскерлік құжаттарда кездесетін клишелерді салыстырмалы талдау арқылы оларды аударудың тиімді әдістері қарастырылады.

Ресми құжаттардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің қолданылуы тек қана тілдік әдет емес, сонымен қатар құжаттың заңдық күші мен коммуникативтік тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды механизм болып табылады. Клишелер құжаттардың біркелкі форматын сақтауға мүмкіндік береді. Мысалы, қытай тіліндегі "根据...规定" ("...ескере отырып") тіркесі құжаттың заңды негізін бірден анықтайды. Қазақ тілінде де осыған ұқсас "Жоғарыда көрсетілгендерге сәйкес" деген клише жиі қолданылады. Бұл құжаттардың бір форматта болуын қамтамасыз етеді.